

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 82 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылды 12 сәуірде № 7569 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 235 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.08.2013 № 235 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банк қызметін және қаржы ұйымдарын тәуекелдерді азайту түрғысынан реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2011 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау қағидалары бекітілсін.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары өздерінің қызметтерін 2012 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ л т т ы қ

Б а н к

Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

Банкі

Басқармасының

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 4

ақпана дағы

№ 82 қаулысымен бекітілді

Жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау қағидалары

Осы Қағидалар "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - Қор) міндетті, ерікті зейнетақы және ерікті кәсіптік зейнетақы журналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау тәртібін белгілейді.

1. Қағидаларда мына ұғымдар қолданылады:

1) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасау – жеке тұлғаларға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қызмет етуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметтің мәселелері бойынша консультациялық қызметтерді көрсетуді, Қордың қызметі және (немесе) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің басқа субъектілері туралы ақпаратты, оның ішінде жарнамалық сипаттағы ақпаратты таратуды, нәтижесінде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты тіркеу жүргізілетін, Қордың өкілімен, бір тараптан және бір тараптан салымшы (алушы) арасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қоюға дайындау және қол қою бойынша іс-әрекетті қамтитын, Қор қызметкерлері зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызмет аясында жүзеге асыратын іс-шаралар;

2) Қор деректерінің орталық базасы – салымшылар (алушылар), салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары мен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары бойынша жүргізілетін операциялар жөніндегі ақпараты бар зейнетақы есебінің автоматтандырылған жүйесі;

3) Қордың офисі – жинақтаушы зейнетақы қорының, оның филиалдарының және (немесе) басқа да бөлімшелерінің (өкілдіктерді қоспағанда) орналасу орны;

4) Қордың өкілі – Қор атынан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу бойынша тиісті өкілеттігі бар жеке тұлға;

5) почталық мекенжайы – Қордың офисі орналасқан нақты мекенжайы.

2. Қор оғисі меншік құқығымен немесе пайдалану құқығымен Қорға тиесілі тұрғын үй емес үй-жайда орналасады және мына талаптарға сәйкес келеді:

1) осы Қағидалардың З-тармағының талаптарына сәйкес келетін, жұмыс орындарымен жабдықталған, стационарды үй-жай болып табылады;

2) Қордың зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясының және уәкілетті органмен келісілген Қордың зейнетақы қағидаларының көшірмесі қараша мен танысу үшін қол жетімді орындарда орналастырылады;

3) Қордың мөрін сактау үшін сейфпен немесе метал шкафымен жабдықталған ;

4) Қордың зейнетақы қағидаларында көрсетілген және (немесе) Қордың Интернет-ресурсында орналастырылған почталық мекенжайы бар.

3. Қор қызметкерінің жұмыс орны мына талаптарға сәйкес келеді:

1) жеке компьютер нақты уақыт режимінде Қордың орталық деректер базасына қосылған ;

2) жеке компьютерде пайдаланушыларды сәйкестендіру және бірдейлігін анықтау құралдарын, сондай-ақ деректердің тұтастығы мен құпиялығын қамтамасыз ету құралдарын қамтитын қорғау кешені бар.

Қордың орталық деректер базасында зейнетақы шарттарын есепке алуның электронды журналын жүргізу көзделген.

4. Ақпараттық қауіпсіздік мақсатында, Қор офисінің бағдарламалық қамтамасыз етуі ауқаулар басталған кезде деректердің сақталуын және жұмысты қалпына келтіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

5. Зейнетақымен қамсыздандыру шарттарын жасасу бойынша функцияларды жүзеге асыру құқығы бар Қор офисінде орналасқан Қор бөлімшесі мына талаптарға сәйкес келеді:

1) Қор қызметкерлерінің саны Қор өкілін қоса алғанда, екі адамнан кем болмауы тиіс;

2) Қор офисі жинақталған зейнетақы қаражаттарын төлеуге құжаттарды қабылдауды, салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының жай-күйі жөніндегі үзінді көшірмені беруді, салымшылардың (алушылардың) деректемелері өзгеруін енгізуді қамтитын, салымшыларды (алушыларды) қамтамасыз етумен байланысты қосымша функцияларды жүзеге асырады;

3) бөлімшеде мөр және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алу журналы бар.

6. Қормен жасалған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алу журналы қағаз және электронды тасымалдауыштарда жүргізіледі, осы Қағидалардың қосымшаларына сәйкес толтырылады және мына талаптарға сәйкес келеді:

1) қағаз тасымалдауыштағы журналға бау өткізіледі және нөмір қойылады, соңғы бетінің алдындағы бетіне Қор бөлімшесінің мөрі қойылады. Қолдануы аяқталғаннан кейін қағаз тасымалдауыштағы журнал Қордың орталық (бас) офисінің мұрағатына өткізіледі;

2) занды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің нотариатта куәландырылған көшірмесінің болуын.

Ескеरту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Қор офисінде міндетті, ерікті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасу "Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы үлгі шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 ақпандағы № 36 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5603 болып тіркелген) осы шарт үшін көзделген құжаттарды ұсынған кезде, салымшы және (немесе) алушы, немесе нотариат куәландырған сенімхат негізінде салымшының және (немесе)

алушының сенімді тұлғасы, немесе Қордың қызметкери болып табылмайтын кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі өзі өтініш бергенде жүзеге асырылады.

8. Қордың қызметкери жеке тұлға болып табылатын салымшының (алушының)
құжаттарын қабылдағанда:

1) салымшының (алушының) не кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілінің
жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылығын тексереді;

2) кәмелетке толмаған тұлғаның ата-анасының жазбаша турде ресімделген
келісімі болуын тексереді;

3) кәмелетке толмаған тұлғага қамқорлықтың мақсатын растайтын құжаттың
болуын тексереді;

4) жеке басын куәландыратын құжаттағы деректемелердің салымшыға (алушыға) әлеуметтік жеке кодты беру туралы куәліктे көрсетілген деректермен
сәйкестігін тексереді;

5) салық төлеушінің тіркеу нөмірі бар болуын немесе бар болса жеке
сәйкестендіру нөмірін тексереді;

6) салымшының (алушының) Қазақстан Республикасында зейнетақымен
қамсыздандыруға құқығы бар тұлғаларға жататындығын айқындайды;

7) салымшының (алушының) Қордың зейнетақы қағидаларымен танысуын
жүргіздеді.

9. Қор қызметкери заңды тұлға болып табылатын салымшының құжаттарын
қабылдағанда, осы Қағидалардың 8-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5)
тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша мыналарды:

1) заңды тұлға жарғысының нотариат куәландырған көшірмесінің бар болуын;
;

2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің
нотариат куәландырған көшірмесі бар болуын;

3) заңды тұлғаның басшысын тағайындау жөніндегі заңды тұлғаның әкімші
құжатының немесе бүйрекшілік тұпнұсқасы бар болуын;

4) бар болғанда заңды тұлғаның басшысынан заңды тұлғаның атынан
зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қою құқығына алынған
сенімхаттың түпнұсқасын;

5) бар болғанда бизнес-сәйкестендіру нөмірін тексереді.

10. Қор қызметкери салымшы (алушы) ұсынған құжаттар пакетіне ескертулер
болмағанда, салымшыға (алушыға) жеке зейнетақы шотын ашу үшін
зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың барлық деректемелерін Қордың
орталық деректер базасына енгізуі жүзеге асырады.

11. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың деректемелерін
енгізгеннен кейін Қордың деректер базасында нақты уақыт режимінде
зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа нөмір беріледі. Осы операцияны

жасау уақыты Қордың орталық деректер базасында тіркеледі.

12. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт Қордың орталық деректер базасынан Қордың қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы:

- 1) міндettі зейнетақы жарналары есебінен екі данада;
- 2) салымшының пайдасына ерікті зейнетақы жарналары есебінен екі данада;
- 3) үшінші тұлғаның пайдасына ерікті зейнетақы жарналары есебінен үш д а н а д а ;
- 4) ерікті кәсіптік жарналары есебінен үш данада басылып шығарылады.

13. Қ о р ө к і л і :

1) салымшы (алушы) ұсынған құжаттардың сәйкестігін тексеру үшін және оған қол қою үшін басылып шығарылған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты салымшыға (алушыға) ұсынады;

2) салымшы (алушы) не кәмелетке толмаған тұлғаның заңды өкілі зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа Қор оғисінде өз қолымен қол жойғанына көз жеткізеді;

3) салымшы (алушы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қойғаннан кейін "Қор өкілі" деген бағанада қолын қояды және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты Қордың мөрімен бекітеді;

4) салымшы (алушы) ұсынған құжаттар пакетінен "Көшірмесі дұрыс" деген белгіні қойып, тегін, инициалдарын, лауазымын және қолын көрсетіп, көшірмесін жасайды. Өз қолымен қойылатын қолды қоспағанда, "Көшірмесі дұрыс" деген белгіні, өзінің тегін, инициалдарын және лауазымын мөртабан түрінде қоюға болады.

14. Тараптардың қолы бар зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың түпнұсқасы сканирден түсіріледі, шарттың графикалық файлы Қордың орталық деректер базасында орналастырылады. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың графикалық файлын орналастыру бойынша операцияны жасау уақыты Қордың орталық деректер базасында тіркеледі.

Жеке зейнетақы шотының нөмірін беру мен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың графикалық файлын орналастыру арасындағы уақыт алпыс ми н у т т а н а спайды .

15. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың орналастырылған графикалық файлын ауыстыруға және жойып жіберуге жол берілмейді.

16. Қордың өкілі құжаттардың түпнұсқасы мен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты салымшыға (алушыға) тапсырады.

17. Қор оғисінен тыс жерде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасқан кезде, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта салымшының (немесе) алушының қолы нотариуспен немесе "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында нотариаттық іс-эрекетті жасауға

үәкілеттік берілген басқа да тұлғалармен куәландырылады.

18. Қор зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың жасасу орнын, нотариустың немесе "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында нотариаттың іс-әрекетті жасауға уәкілеттік берілген басқа да тұлғалардың тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсетіп, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың есебін жүргізеді.

19. Салымшы (немесе) алушы Қордың оғисінен тыс жерде зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасқан кезде, Қордың интернет-ресурсында орналастырылған Қордың зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартын өздігінше басып шығады.

20. Осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көрсетілген құжаттар негізінде салымшы (немесе) алушы салымшының (немесе) алушының деректемелерін көрсету бөлігінде міндепті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасқан жағдайда, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың екі данасын толтырады, ерікті зейнетақы және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасасқан жағдайда, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың үш данасын толтырады.

21. Жеке тұлға болып табылатын салымшы (немесе) алушы салымшының (немесе) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін нотариатта куәландыру және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттағы салымшының (немесе) алушының қойылған қолының дұрыстығын куәландыру үшін нотариусқа жүгінеді.

22. Заңды тұлғаның өкілі ретіндегі салымшы (немесе) алушы заңды тұлғаның жарғысының көшірмесін, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің көшірмесін, заңды тұлға өкілінің тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесін нотариатта куәландыру және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартта оның дұрыстығын куәландыру үшін нотариусқа жүгінеді.

23. Салымшы (немесе) алушы қол қойылған және салымшының (немесе) алушының қойған қолының дұрыстығын нотариус куәландырган зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты және осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ заңды тұлға болып табылатын салымшы заңды тұлғаның басшысын тағайындау туралы басқарушылық құжаттың немесе бүйрықтың көшірмелерін және бар болғанда заңды тұлғаның басшысынан заңды тұлғаның атынан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қою құқығына алынған сенімхатты Қорға өзі немесе поча бағланысы арқылы береді.

24. Қор қызметкері зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты және осы Қағидалардың 21 және 22-тармақтарында көрсетілген құжаттарды алған кезде:

1) салымшыдан (немесе) алушыдан алышынан салымшының (немесе) алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттағы салымшының (немесе) алушының деректемелерімен салыстырып тексереді;

2) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың дұрыстығын тексереді;

3) жеке басын куәландыратын құжаттағы деректемелердің салымшыға (алушыға) әлеуметтік жеке кодты беру туралы күліктегі көрсетілген деректермен сәйкестігін тексереді;

4) салымшының (алушының) Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыруға құқығы бар тұлғаларға жататындығын айқындайды;

5) заңды тұлғаның жарғысының нотариат куәландырған көшірмесі болуын тексереді;

6) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің нотариат куәландырған көшірмесі болуын тексереді;

7) заңды тұлғаның басшысын тағайындау туралы заңды тұлғаның басқарушылық құжаты немесе бұйрығы болуын тексереді;

8) бар болғанда заңды тұлғаның басшысы заңды тұлғаның атынан зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қою құқығына берген сенімхатты тексереді.

25. Қор қызметкері салымшы (немесе) алушы қол қойған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтінін немесе салымшыда (немесе) алушыда осы Қормен жасалған қолданыстағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың бар болуын анықтағанда, Қор бастаррудың себебін көрсетіп және салымшыға (немесе) алушыға бас тартылғаны жөнінде хабарлап, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасудан бастаратады.

26. Қордың қызметкері салымшы (немесе) алушы қол қойған зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келгенінде:

1) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың барлық деректемелерін Қордың орталық деректер базасына енгізуінде жүзеге асырады;

2) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты тіркейді және салымшыға (немесе) алушыға жеке зейнетақы шотын ашады;

3) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың тиісті бағанында зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу күнін, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың және салымшының (немесе) алушының жеке зейнетақы шотының нөмірін көрсетеді.

27. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу күні болып зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты Қордың орталық деректер базасында тіркеу күні табылады.

28. Қор өкілі зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты тіркегеннен кейін "Қор өкілі" деген бағанда мөрдің бедерімен қолын қояды.

29. Қор міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасқан жеке тұлғалардың бірегей тізімінде тіркелген зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша салымшыға (алушыға) почта байланысының құралдары немесе Қор қызметкері арқылы тиісті дананы (даналарды) береді, Қор үшін арналған дананы Қордың мұрағатына өткізеді. Міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасқан жеке тұлғалардың бірегей тізімінде тіркеуден өтпеген міндettі зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша Қордың орталық (бас) оғисінің бас тартуының себебін көрсетіп, жеке тұлғаға хабарлайды.

30. Қордың ішкі бақылау қызметі жыл сайын зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардың жасасу рәсімінің мониторингін және зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды есепке алу журналының деректерін Қордың орталық деректер базасымен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

Жинақтауши	зейнетақы
корының	зейнетақымен
қамсыздандыру	тұралы
шарттарды	жасау
қағидаларына	
2-қосымша	

Шарттарды есепке алу журалы

Ескерту. 2-қосымшага езгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

		Зейне камсы
--	--	----------------

№	Жеке тұлға болып табылатын салымшының деректемелері	Занды тұлға болып табылатын салымшының деректемелері	туралы жасас Кор о				
Тегі Аты	Әкесінің аты (бар болса)	Тұған күні	Занды тұлға жарғысының нотариат куәландырыған көшірмесі	Занды тұлғаның мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасының немесе куәлігінің нотариат куәландырыған көшірмесі	Өкімші күжат	Занды тұлғаның басшысы зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қол қою құқығына берген сенімхат (бар болса)	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса)

кестенің жалғасы

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың нөмірі	Зейнетакы мен қамсыздандыру туралы шартты жасасу уақыты	Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасу күні	Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасасқан салымшының қолы	Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шақатысуымен жасалған Кор қызметкерлерінің таты, әкесінің аты (бар болса) және қолы
				Кор қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) К о р қызметкерінің қолы К о р қызметкерін қолы